

**MATERIÁLY
XVIII MEZINÁRODNÍ VĚDECKO - PRAKTICKÁ
KONFERENCE**

**VĚDECKÝ PRŮMYSL EVROPSKÉHO
KONTINENTU – 2021**

22 - 30 listopadu 2021 r.

Volume 7

Praha

Publishing House «Education and Science»

2021

М.Ә. Топашов . ф.ғ.к.,доцент

А.Т.Какенова эко–20–2 тобының студенті

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

КӨРКЕМ БЕЙНЕ ЖАСАУДАҒЫ ҚАЛАМҒЕР ІЗДЕНІСТЕРІ

Қаламгер қашанда кейіпкерінің сырт келбетін аз бағып, ішкі жан – дүниесін, жүрек қалтарысын қалтқысыз бағуға ұмтылады. Кейіпкерлер психологиясына барлау жасайды. Кейіпкерінің жан әлеміндегі құбылыстар арқылы қоғамдық – әлеуметтік өміріміздегі моральдық – этикалық мәселелерді де, саяси – идеологиялық өзгерістерді де қамти алады. ХХ ғасырдың белгілі жазушыларының бірі С.Залыгин: «поэт или прозаик стремится писать так, как писать он еще не умеет. Там, где писатель пишет только так, как он умеет –

кончается творчество» [1,15],– деген екен. Жазушыға тән әңгімешілдік өрнек, зергерлік, философиялық сипат сияқты қасиет – сипаттарды Төлен Әбдіков туындыларынан ұдайы табамыз. Оның «Ақиқат» шығармасы қоғам шындығын бейнелеген повесть. Роберттің көріпкелдік қасиеттері, ақылдан азап шегуі, сау жүріп жындыханаға түсуі, ойының өшуі сияқты қалыптағы әрекеттердің бәрі – фантастикалық повестке тән белгілер. Алайда бұл повесте бүгінгі күн шындығы жоқ деп айтуға болмайды. Айналасында болып жатқан оқиғалар мен әлеуметтік даму сырын түсінуге ерекше қабілетті, ақыл ойы кемел Роберт бүгінгі цивилизацияның қайда бара жатқанын, адам санасының шексіз өсіуі буржуазиялық қоғамда игілікті құбылыс емес, қатерлі құбылысқа айналып отырғанын, бүкіл планетаның жойылып кету қаупі барын, бірақ көп адамдардың бұған көз жұмып қарайтынын, білгісі келмейтінін айтады. Кейіпкердің адамзат тарихы, ғылым мен цивилизация туралы ой толғаныстары оқушыны үлкен ойға жетелейді. Автор Роберт характерін жасау үшін кейіпкерін үнемі әрекет алаңына шығарады. Оқиғаларды сұрыптап, екшеп рет – ретімен шебер орналастырған. Сан алуан оқиғалар бір – бірімен сабақтаса өріліп, ондаған адамдар әрекет алаңында шығарманың негізгі желісінен аулақтамай, түрлі діндегінен әрі кетпей әртүрлі жолдармен тоғысып отырады. Шығармадағы алуан кейіпкерлер сол шығармадағы басты кейіпкердің төңірегінде топтасады. Олардың сан қилы әрекеттері де басты кейіпкердің характерін ашуға көмектеседі. Бұндағы әрбір кейіпкер белгілі бір әлеуметтік күштердің өкілі, қарт профессор мен генерал немесе священник – бір – біріне қарама – қарсы әлеуметтік тап адамдары. Ал сол сияқты профессор мен Роберт бірі жай қалыпты ғылым қуған адам болса, екіншісі – ақылға сыймайтын телепаттық күштің иесі. Ғылым, өмір, ондағы құбылыстар мен Роберт– күрес, майдан алаңы. Сол алаңға ғылыми түсінік тапқысы келген. Атақ – даңқын шығарғысы келген профессор, қылмысты шешіп шен алғысы келген генерал, қасиетті әкемен таққа таласқан священниктер, өз ойынан азап шеккен, әділетті, адамгершілікті, адалдықты, ізгілікті жақтаушы, адам атаулының ғана емес, барлық тіршілік иесінің қамын ойлаушы Роберт сайысқа шығады. Сол тартыс-шығармашының желісі. Македонскийдің қанды жорықтары Цезарь, Шыңғысхан, Наполеон салған сойқандар тек тарихи қажеттілік пе екен? Тарихшылар өткен тарихтың оқиғалық тізімі мен хронологиялық есебін шығарғанда сол тұста аққан қан мен төгілген жастың қасіретін жеткізе ала ма? Егер тарихтың қанды қырғындарында құрбан болғандардың зарын ғылыми прогресс заманындағы үлкен зертханаларда тексеретін болса (сондай мүмкіндік туып жатса) тарихтың жүрек шаншар ащы үнінен сай – сүйегің сырқырамас па? Ендеше, бүгінгі ғылыми прогресс кімге керек? Адамды жоятын, неше мың ғасырлар бойы жетілу үстінде болған, бүгінде өз-өзін жою қаупі туған сана кімге керек? Санадан қорқу керек, ақыл-ойдан қашу керек. Капиталистік қоғам жағдайындағы ақыл-ой, сана-төрткүл әлемнің жауы. Кең дүниеге сыймай, жындыханадан далаға, даладан жындыханаға қашып жүрген Роберт осылай ойлайды. Өзі өлердей жек көретін өмірдің бас қасіреті, үлкен қатер түбі осылардан деп есептейтін ғылым мен сананың иесі кімдер екеніне назар аудармайды. Ғылым кімдердің қолында? Жақсы адамдардың қолында ма, жаман адамдардың қолында ма? Ақыл-ой, сананың иесі кімдер? Жақсы адамдар ма, жаман адамдар ма? Бұларға қоғамдық құрылыстың, сол

қоғамның моральдық принциптерінің, саясатының қатысы қандай? Бұл мәселелерге Роберт бойлай алмайды. Бар мәселені ол өзі өмір сүріп отырған қоғамдық орта жағдайымен бағалайды. Өзі үлкен ақыл-ой иесі бола тұра ақылойдан қашады. «Ақылдан азап!» Не деген сәтті табылған тіркес! Адам баласы өмір бойы ақылды болғысы келіп, ақыл тапқысы келіп, ал өзі өмір бойы сол ақылдан азап шегіп өтетінін түсінбейді. Сынадан азапты санап тауысу мүмкін емес. Тіршіліктің өзінде қаншама зұлымдық, қанша апат, қанша өлім бар, қанша әділетсіздік, қанша опасыздық, екіжүзділік бар. Санаң марқайған кезде алдымен соларды түсінесің. Адамдардың өз бойындағы, өз табиғатындағы зұлымдығын, өзімшілдігін танудың өзі қанша ғұмырды қысқартатын бақытсыздық...! Осы ойлар арқылы Роберт өмірдің қанқұйлы жауыздығының куәгері болады. Ақыры Роберттің өмірдің сан қилы әділетсіздіктеріне тап келтіреді. Ол өмірдің озбырлығын жақсы біледі. Әлсіздерге істеп отырған күштілігін біледі. Сол әділетсіздіктен, жауыздықтан Роберт жирене бастайды. Оның ендігі ойлайтыны өз қамы емес, адамзат қамы. Біз енді өз ақылынан, қоршаған ортадан түңіле бастаған Робертті көреміз. Ақыл – парасат – ауру. Адамдар туады да сол аурумен ауырады. 60 – 70 жылдай азаппен ауырады. Содан кейін бүкіл азап, каторгінің кесімді жылы таусылғандай, аяқталып, одан мәңгі тыныштыққа кетеді. Тіршілік үлкен аурухана!.. Сұмдық!»

Повесть кейіпкері-саяси қайраткер емес, бірақ бүгінгі капиталистік қоғамның ішкі мерездерін анық ұққан адам. Мұндағы орын алып отырған адам төзгісіз қияметтерге жан-дүниесімен қарсы. Ол өмірдегі зұлымдық атаулының себебін қоғамдық құрылыстан, адам мен адам арасындағы қоғамдық қатынастан іздемейді, бұл оған жұмбақ түсініксіз жайлар. «Мен көп қиналдым, – дейді ол ауруханада бірге жатқан священникке, – Өмірдегі жамандық атаулыны тудырып отырған негізгі күшті, негізгі айыпкерді ұзақ іздедім. Ақыры таптым. Ол-құдайдың өзі. Адамдарды мазақ етуші де, қорлаушы да, азапқа түсіруші де, зұлымдықты қолдаушы да соның өзі. Жазушы Робертті өмір тартысында көрсетеді. Оны үнемі сұм өмірдің сұмдықтарына кездестіреді. Ол адамның талай әділетсіздігін көрген. Мұнда кейіпкердің ашынуы бар. «Адамдарды мазақ етуші, қорлаушы қоғам-қашып құтыла алмайтын үлкен, аурухана. Мұндағылардың көбі ауру. Санасын ақша, мансап, дүниеқұмарлық билеген адам ауру емей немене? Қолына ақша ұстатып ұрлық жаса десең-ұрлық жасайды, кісі өлтір десең-кісі өлтіреді. Мұндайлардың белгілі бір қызмет атқаратын жансыз механизмнен несі артық? Капиталистік қоғам адам санасын механизмге айналдыра бастаған. Тіпті мұның телепаттық қасиеттері де қыпқызыл товар. Бұған қамқоршы болып көрінгісі келетін, криминалистік қызметке пайдаланып, зерттеу объектісіне айналдырған профессор да-ақша, даңқ, лауазым үшін қамқоршы, сол үшін жанашыр, сол үшін дос. Құдай дегеніміз-ақша, байлық. Кім бай-сол құдай. Бұл кейіпкердің бүкіл іс-әрекетіне, ақыл-ой толғанысынан шығатын түйін. Капиталистік қоғамда сатылмайтын ештеңе жоқ екен. Тіпті адам бойындағы ең қастерлі, ең қасиетті нәрсе – ақыл – ой, сана да сатылатын болғаны. Енді не қалды? Адам өзін – өзі толық жоғалтқан бұл қоғамда өмір сүрудің қажеті бар ма? Роберт асылып өледі. Өлер алдында көз алдында балалық шағын, бұған ертегі айтып отыратын аяулы анасын келтірген, көз алдына келтіре отырып, сол ертегідегі патша сарайына әкелінген, қалаған тамағы мен шарабын ішуіне, қалаған кәнізәкпен серуендеуіне болатын, тек бір есікке

кіруіне тыйым салынған жолаушыны еске алған.Еске ала отырып, сол жолаушы екеуінің арасында ешқандай айырмашылық жоғын да түсінген.» Егер мен осынау құпиялардың ешқайсысын білмесем, ел қатарлы тып-тыныш бақытты ғұмыр кешер ем ғой... Мен ашуға болмайтын есікке басымды сұқтым... Енді мен білмейтін құпия, мен білмейтін шындық жоқ..Енді мен бәрін де білемін.Ағайын, мен бәрін де білемін...,- деп ойлайды Роберт асылып өлер алдында.Бұл өмір сүрген қоғамда көп білу де, ақылды болу да қасірет екен.Роберт ашқан есікшындық пен ақиқат есігі болатын.Осы есікті ашқанда кейіпкер де мерт болады. Повесть осылайша тосын шешіммен аяқталады.Сюжет логикасынан туған мұндай шешім толып жатқан психологиялық толғаныстармен, шымыр баяндаулармен, кейіпкер әрекетін сенімді суреттеумен дәлелденген. Кейіпкердің анасы туралы, оның ертегісі туралы ойлары да романтикалық рух берген. Қазіргі қазақ прозасында образ жасау проблемасы үлкен мәнге ие болып отыр. Бүгінгі оқырманды бар болмысымен, жан-жақты характер қырларымен тұшынтатын образ керек. Әрбір жаңа шығармадан оқырманның өзімен замандас қаһарманды кутуі заңды. Ол үшін ең алдымен образ характеріне, оның ерекшелігіне назар аударған жөн.Өйткені, образ мінезі дараланбаса, ол көркемдік шеберлікпен суреттелмесе, сөйтіп бүкіл қыр-сыры ашылмаса шығарманың да құны төмендейді.Демек, образ мінезін шығарманың да құны төмендейді.Демек, образ мінезін бейнелегенде, жазушы оның тәрбиелік, өнегелік маңызын естен шығармауға тиіс.Сол арқылы адамның этикалықэстетикалық талғамына, дүниетанымына әсері айқындалады.Сомдалған тұлғаның тек сыртқы іс-әрекеті ғана емес, сонымен бірге оның ішкі жан – дүниесі, терең психологиялық мінез сырлары да ашылуы керек. Бұл – қаламгерлер алдында қойылған талап, олардан жеңіл - желпі дүниені емес, Адам атты ұлы жаратылыстың нақты болмысына, тағдырына, мінезіне толық қанықтыратын туындылар жазуды қажет еткен шынайы сұраныстар. Бұл тұрғыда Төлен Әбдіков - тынымсыз ізденістер жасап, азаматтық позицияда көрінетін іс-әрекетпен бірге, енді образдардың рухани әлеміне бойлай білген.жазушы. Қандай да бір іс-әрекет адамның мінез жаратылысына байланысты да бір іс-әрекет адамның мінез жаратылысына байланысты туындайды десек, Әбдіков өз образдарының мінезін жан-жақты көрсетуге ұмтылады. Бұл орайда уақытша оқиғаларда көрінетін тұрмыстық идеалдан гөрі, образдан жаны бай, рухани идеал тұрғысында көрінуі-мәңгілік мәселеге бастайтын шарт болып табылады. Сондықтан жазушы өз кейіпкерлерін дүниетанымдық соңы көзқарастар негізінде, замана алға тартқан зор өзгерістерге байланысты бейнелейді. «Қай заманда да зор жаңалықтар – уақытпен үндес жаңа характерлерді бейнелеу мен тану болды»[2,65] ,–дейді характер жасау шеберлігін зерттеуші ғалым С.Шаталов. Төлен Әбдіков өз шығармаларында әр заман талабына сай образ жасай білді. Замана келбетін, оған сай образдар сомдай отырып жазушы уақыт ұғымына философиялық тұрғыдан келуді де алдына мақсат етіп қойған. Көркем әдебиет халыққа өмір танытудың, эстетикалық тәрбие берудің әсерлі құралы дейтін болсақ, Төлен Әбдіков прозасына тән образдардың іс – әрекеті мен мінездерінен адамшылықтың, түрлі этикалық категориялардың жарасымды қалыптарын танимыз. Жазушы қай шығармасында болмасын, адамгершілік мәселесін әлеуметтік өмірдің бүгінгі

уақыттағы адамдар тұрмысының көкейкесті проблемаларымен шебер қабыстыра білді. Жоғарыда айтып өткен «Ақиқат» повесінің өзінен-ақ әр нәрсеге тұтынушының көзімен ғана қарайтын алармандық психология мен адамгершілік қасиет арасындағы күресті көреміз.

Шығарма құрылысындағы бұл тартысты ондағы кейіпкерлердің іс – әрекеттері, адамдық бет – бейнесі, ішкі жан – дүниесінің ашылуынан айқын аңғарамыз. Ал, бұл жерден Төлен Әбдіковтің образдың жан – дүниесіне үңіліп, психологизмге ден қою арқылы, өз замандастарының, яғни жетпісінші – сексенінші жылдардағы қаламгерлердің, кейіпкердің іс – әрекетімен қоса, ішкі жан – дүниесін бейнелеуді прозаның мұраты етіп алған бағыттарын қолдап, өзі де сол салаға зор үлес қосқанын байқаймыз.

Оның өзге қаламгерлер ат ізін сирек салатын тақырыптарға жиі баруы, кейіпкерлердің типтік характерлерін есте қалар тосын ситуацияларда ашуы – құптарлық тенденция. Бұған жазушының кейіпкер психологиясын ашуға бейімделген, өмір оқиғаларына әлеуметтік мән сыйғызуға ұмтылуын қоссақ, жазушылық көзқарасы орнықты, өз айтары бар байыпты қаламгер қалыптасқанын көреміз. Ал, кейіпкерлер толғанысының тереңдігі, дүниетанымы жазушы шығармаларын, сөз жоқ, салмақты, ойлы туындылар қатарына қосады. Сонымен бірге жазушы өзі суреттеп отырған өмірді, өзі суреттеп отырған елдің әлеуметтік жағдайын адамдарының мінез – құлқын, ой түсінігін жақсы біледі. Жеке кейіпкер тағдыры арқылы да, бүтін бір халықтың трагедиясы арқылы да қоғамның ішкі қайшылығын ашуға бейім. Қандай шығармасын алсақ та, сол шығармадан жазушының образ жасаудағы, оның жан – дүниесін бейнелеудегі жазушылық шеберлік қырын көреміз. Махаббат, адамгершілік тақырыптарына бойлай отырып, образдың мінез – құлқына өзі өмір сүріп отырған заманның, ондағы болып жатқан өзгерістердің әсер ететініне меңзейді. Сонымен қатар, әр дәуір өзгерістері, сол замандағы адамдардың психологиясы нанымды бейнелейді.

Қорыта айтқанда, оның қаламынан туындаған көркем дүниелері халқының рухани кәдесіне жарап, келер күндердің керуен көшіне ілесіп, болашақ ұрпақтың да әдеби – мәдени қазынасына айналарына дау жоқ. Жазушы шығармашылығы туралы зерттеу мұнымен тоқтап қалмайды. Бұл шағын мақала алда атқарылар үлкен істің бастамасы ғана.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Стиль сыры. Ұжымдық жинақ. Алматы, – 1974.

2. В.Новиков. Художественная правда и диалектика творчества.Москва,—
1985.